

Астана қаласы мәслихатының «"Астана қаласында жер учаскелеріне құқық беру ережесі туралы"» 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 39/7-III шешіміне (Астана қаласының Әділет департаменті 2004 жылғы 11 мамырда N 328 тіркелген) өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 129/17-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 сәуірде N 383 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 12 қазандағы N 294/37-III шешімімен

Ескерту - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 12 қазандағы N 294/37-III шешімінен
Үзінді:

Жер учаскелеріне құқық беру тәртібін реттеу жөніндегі заң шығару ережесінің өзгеруіне байланысты Астана қаласының мәслихаты былай деп
Ш Е Ш Т І :

1. Мынадай шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

"Астана қаласында жер учаскелеріне құқық беру ережесі туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 39/7-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 129/17-III шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 383 тіркеген, "Астана хабары" және "Вечерняя Астана" газеттерінде 2005 жылғы 21 сәуірде жарияланған) ;

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрайымы

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын және Қазақстан Республикасының Жер кодексін басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты былай деп

Ш Е Ш Т І :

1. Астана қаласы мәслихатының "Астана қаласында жер учаскелеріне құқық беру ережесі туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 39/7-III шешіміне (Астана қаласының әділет департаменті 2004 жылғы 11 мамырда N 328 тіркеген, "Астана хабары" және "Вечерняя Астана" газеттерінде 2004 жылғы 15 мамырда жарияланған) және "Астана қаласы мәслихатының "Астана қаласында жер учаскелеріне құқық беру ережесі туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 39/7-III шешімімен бекітілген Жер учаскелеріне құқық беру ережесіне өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 19 қарашадағы N 97/14-III шешіміне (Астана қаласының әділет департаменті 2004 жылғы 23 желтоқсанда N 363 тіркеген, "Астана хабары" газетінде 2005 жылғы 8 қаңтарда және "Вечерняя Астана" газетінде 2005 жылғы 11 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімдермен бекітілген Астана қаласында жер учаскелеріне құқық беру ережесінде:

1-бөлімнің 2-тармағында "оларда орналасқан қозғалмайтын мүлік объектілерін, уақытша құрылыстарды және т.б. алу (сатып алу) және бұзу нәтижесінде босаған жер учаскелерін беру арқылы" деген сөздер "жер учаскелерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу және алынған жер учаскелерін пайдаланумен тікелей байланысты жерлерді сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрайымы *Б. Сыздықова*

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы *В. Редкокашин*

КЕЛІСІЛГЕН:

Астана қалалық жер
ресурстарын басқару жөніндегі
комитеттің төрағасы *Т. Нүркенов*